

Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірынғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы

### **Күшін жойған**

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 47-4 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 2853 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 мамырдағы № 35-3 шешімімен

**Ескертү. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 24.05.2018 № 35-3 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына және 444 бабының 1 тармағына сәйкес Қордай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірынғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

3. Осы шешімінің орындалуына бақылау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет, жергілікті өзін-өзі басқару, индустриялық-инновациялық дамыту, аймақты, көлік пен байланысты, орта және шағын бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасының*

*міндеттін атқарушы,*

*мәслихат хатшысы*

*Ж. Әсемов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК